

4.Самсонова А.В., И.М. Козлов, В.А. Таймазов. «От ЭВМ – к информационным технологиям». Санкт-Петербургская государственная академия физической культуры им. П.Ф. Лесгафта, Санкт-Петербург.

Шайдилдаева Айнур Орынбасаровна

Ғ.Мұратбаев мектеп-гимназиясы,
Жамбыл облысы, Байзақ ауданы,
Сарыкемер ауылы

ОРТА МЕКТЕПТЕ АҒЫЛШЫН ТІЛІН ДЕҢГЕЙЛЕП ОҚЫТУ

АННОТАЦИЯ

Оқушыны деңгейге бөліп оқытуда сабақтың жетістік критерийлері анықталуы тиіс. Сыныптағы оқушының барлығы орындай алатын тапсырма, көпшілігі орындай алатын тапсырма және жоғары деңгейдегі кейбір оқушылар орындайтын тапсырмалар Блум таксономиясы бойынша бағалауға мүмкіндік береді. Оқушылардың алған білімін жүзеге асыра алатындығы тексеріледі. Өз бетімен жұмысты орындауға бейімдік бақылауға алынады. Қорытындыда деңгейлік тапсырмалар арқылы жұмыс жасаудың тиімділігі байқалады.

Түйінді сөздер: деңгейлік тапсырмалар, оқуға деген ынтыңның жоғарылауы, өзін-өзі бағалау.

АННОТАЦИЯ

При дифференцированном обучении должны быть выделены критерии успешности. Задания, которые смогут выполнить большинство учащихся, задания, которые могут выполнить лишь некоторые учащиеся, позволят ученикам оценить себя и стремиться к самосовершенствованию. Критерии успешности определяют действия ученика по таксономии Блума и мотивируют его к достижению лучших результатов обучения.

Ключевые слова: уровневые задания, повышение мотивации к обучению, самооценка.

ABSTRACT

When differentiated instruction should be allocated to the criteria for success. Jobs that will be able to perform most of the students, assignments, which can perform only some of the students, allow students to assess themselves and to strive for self-improvement. The criteria for determining the success of the student action on Bloom's taxonomy and motivate him to achieve better learning outcomes.

Keywords: task proficiency, increase motivation for learning, self-esteem.

XX ғасырдың аяқ кезіндегі педагогикалық ой-тұжырымдағы гуманизм идеялары, еркін білім беру, оқушылардың жеке тұлғалық күшін дамыту үшін мектептің алдында оқытудың және тәрбиенің жаңа технологиясын қолдана отырып, жеке тұлғаның дамуына мектеп ортасында қолайлы жағдай жасау қажеттілігі туындайды. Мектептің педагогикалық құрылымында негізгі құндылық – оқушы және оның жеке тұлғасы [1, б. 6].

Педагогика ғылымының докторы Ж.Қараевтің деңгейлік оқыту жүйесі туралы іліміне сүйеніп, әр пән бойынша деңгейлік тапсырмалар дайындауға болады [2, б. 8]. Өйткені Қазақстан экономикалық жағдайы оқушылардың жаңа үрдісін талап етуде. Сондықтан ғылыми ізденіс барысында педагогика саласындағы оқытудың деңгейлік жүйесі оқушыларға ғылым негіздерін меңгертудің негізгі тиімді жолы болып табылады. Деңгейлеп оқытудың ерекшелігі – оқушылардың сабақ барысында бірнеше деңгейінде жұмыс жасай алатындығында. Сонымен бірге қазіргі жаңа технологиямен оқыту барысында компьютерлер мен оларды басқарушы алгоритмдер біздің қоғамымыздың маңызды бөлшегіне айналды. Олай дейтініміз, бүгінгі таңда жаңадан шығып жатқан электронды оқулықтар оқушылардың жаңаша оқытылуын, жаңа оқу әдістерін, жаңа мазмұнды қажет етеді.

Оқытудың жаңа технологиялардың бірі – жалпы білім беретін мектептерде әр пәнді деңгейлі тапсырмалар арқылы оқыту болып табылады. Оқушыларды деңгейге бөліп оқытуға бола ма, оның қандай тиімділігі бар, деңгейге бөліп оқытудың өзіндік ерекшелігі қандай және жеке тұлғаны тәрбиелеуде қандай көмегі бар деген сауалға тоқталсақ, деңгейге бөліп оқыту кезінде оқушылардың тәжірибелік-теориялық дайындығын, оқуға деген

ынтасын, дара қасиетін элеуметтік-психологиялық танымал, сұранымын ескеру талап етіледі. Сондықтан да тиімді дәрежеге жету үшін оқушылардың білім мен деңгейіне байланысты жұмысты ғылыми түрде ұйымдастыру қажет.

Қазіргі базалық білім беру-жеткілікті білімнің төменгі шегі. Мұғалім баланы оқыту барысында оқушыға таппақ жаттатып, ережелерді оқытып, жаттығулар орындатып, әр түрлі жұмыстар жүргізеді. Оны талап етеді. Ол мұғалім үшін қиын жұмыс емес. Оқушы мұғалімнің айтқанын кітаптан оқып, тақырыпты жаттап (тіпті ол оны қызықтырмаса да) ережені айтып беруі мүмкін. Бірақ, оқушы сол оқыған материалының ішкі дүниесін түсінді ме, ол туралы ары қарай өздігінен іздене ме, өз тарапынан жаңа пікір қоса ала ма, өмірде іске асыра ма, міне, негізгі мәселе осында жатыр.

Мектеп оқушыларына берілетін тапсырмалар олардың ойлауына әсер етеді, тапсырмаларын орындау үшін бала жауапты өзі іздестіреді, оны шешуге ақыл-ойы дамиды, ойлауына жан-жақты әсер етеді деп түйіндейді. I деңгей тапсырмалары жаттап алуға лайықты, алдыңғы сабақта жаңадан меңгерген білімнің өңін өзгертпей қайталап, пысықтауына мүмкіндік береді, II деңгей тапсырмалары материалды реттеуге және жүйелеуге берілген тапсырмалар, III деңгей танымдық-іздену түрдегі заңдылықтар шығару, қорытындылау жұмыстары.

Деңгейлік тапсырманың ауқымы кең [3]. Оқулықтағы жаттығулар-өтілген ережелер бойынша қайталанып, пысықтау, бекіту жұмыстарына арналған тілдік, грамматикалық жұмыстар жүйесі. Деңгейлік тапсырмалар құрамында мәтіндер, сөзжұмбақтар, қызықты грамматика, тесттік сұрақтар, іскерлік ойындар мен тренингтер жүйесі қамтылады. Бұлар оқытудың деңгейіне сәйкес оқушыны саралап оқытуға ыңғайлы, әрі оқу бағдарламасы бойынша оқушының жас ерекшелігі мен білім деңгейіне сай құрылып, оқулыққа қосымша пайдалануға беріледі.

Оқушыны деңгейіне бөліп оқыту үшін сабақ жаңаша жоспарларды оқушыларға деңгейлік тапсырмалар беру арқылы сан түрлі жұмыстар жүргізеді. Оқушылардың алған білімін жүзеге асыра алатындығы тексеріледі. Өз бетімен жұмысты орындауға бейімдік бақылауға алынады. Қорытындыда деңгейлік тапсырмалар арқылы жұмыс жасаудың тиімділігі байқалады. Оқушылардың белсенділігі мен іскерлігі артып, шығармашылыққа ұмтылады. Деңгейлік оқыту барысында біліктілікке жетеді.

I деңгей тапсырмалары білімнің минимальды шегі, мемлекеттік стандарт талабына сәйкес бағдарлама мөлшерінен аспайтын, оқушылардың жас мөлшеріне сәйкес болады. Сынып бағдарламаларына байланысты лексикалық тақырыптар мен грамматикалық тапсырмалар, тілдік ережелер, жазба жұмыстарын орындайды. Кейіннен жоғары сыныптарда оқыған кезде де есінде тұрақты қалатындай бағытта сөздік минимальды меңгереді. Тыңдап, түсініп оқып, аударып жаза алады. Айналадағы адамдардың айтқанын түсінеді, естігені бойынша сұрағына жауап береді. Естігенін қайталап айтады. Жеңіл ережелерді жаттап алады. Фонетиканы толық меңгереді. Грамматикалық, лексикалық тапсырмалар орындайды. Мәтінмен жұмыс жасайды.

II деңгей тапсырмалары түрленіп, күрделене түседі, сынып бағыттарына сай лингвистиканың барлық түрлерімен жұмыс істейді. Оқушы өз бетімен керегінше қызмет етеді. Оқу мотивтері қанағаттанарлық дәрежеде ықпалы жоғары. Оқушылардың сөйлеуі, хабарларды түсінуі, қабылдауы, жазба жұмыстарын орындау көрсеткіштері міндетті деңгейден әлдеқайда жоғары болады. I деңгейден бастау алған сөйлеу III деңгейде оқушылардың шығармашылыққа деген мотивтерінің айқын көрінуі мен логикалық ойлау дәрежесінің жоғары болуымен, өз жеке басының белсенділігімен, ісіне талдау жасай білуімен, білімді жаңа жағдайға пайдалануымен сипатталады. Мысалы:

My favorite teacher was Mrs. Ruby who had taught me English for 2 years. She had studied in America and came back Hong Kong to be an English teacher. She had sparkle eyes and blond hair. She's just a bit taller than I was. She always smiled to us as we saw each other in the hallway at school. She seemed very strict when the first I met her. However, we had a lot of fun during her classes as we had been told the jokes in English. She had skills at teaching, sense of humor,

friendly, patient and easygoing. I had had her classes when I was in grade 10. I got good marks on it since then. She gave us tons of assignments which were for improving our English.

Мәтінді керісінше мазмұнда құру тапсырмасы берілсе, оқушылар тапқырлыққа ұмтылады, жарысады. Сол сияқты хабарлау, суреттеу, бейнелеу тапсырмаларын орындайды. Ситуацияға байланысты сұрақ қояды. Талдау, жинақтау, салыстыру жұмыстарын жүргізеді. Танымдық-іздену (эвристиклық) түрдегі жұмыстарды ізденіп, өз бетімен орындайды.

IV деңгей дарынды, ізденімпаз, қабілеті жоғары, талапты балаларға арналады. Оқушыларға мұғалім тек тақырыбын ғана береді, оқушылардың өзі мақсатын қояды, әдебеттерден іздейді, нәтижесіне жетеді. Жазба жұмыстарын орындайды. Бірқатар ойындарды орындатуымызға болады.

Steps of the competition:

I. Baige

II. Kokpar

III. Zhorga

IV. Who is the fastest?

V. Polyglot.

I. Baige

1) How many modal verbs are there in English?

2) Give the translation of the modal verbs: “can”, “may”, “must”.

3) When we use the modal verbs: “can, ‘may’, ‘must’.”

4) give the equivalents of the modal verbs

II. Kokpar. Fill in the missing modal verbs:

You go out today. It's too cold.

I take you're the fountain-pen? - Do please.

We not carry the bookcase upstairs. It is too heavy.

When.....you come to see us? - I come only tomorrow.

Shall I write a letter to him?- No, you it is not necessary.

Mary finish the work at once.

You cut something with out a knife?

Why not you understand it?It is so easy.

We do the exercises at once?

..... You pronounce this sound?

III. Zhorga. Translate into English

- Сұрақ қоюға бола ма?
- Сіздің сұрағыңызға жауап бере алмаймыню
- Ол мектепке баруы керек.
- Сізге отыруға болады.
- Менің қолымнан сурет салу келеді.
- Мен немісше оқу білмеймін.
- Мен гитарада жақсы ойнаймын.
- Сіздің қаламыңызды алуға рұқсат па?
- Мен оны тындауым керек.
- Біз жол ережесін сақтауымыз керек.

Translate into Kazakh

- Can you play chess?
- Can your sister play the piano?
- He can write a transcription of this word.
- He can read louder.
- I must stay at home.
- May I stay at home on Saturday?
- Can you speak French well?

- Can I take your order/
- You may take your exercise-book
- Must we speak English now?

IV. Who is the fastest (Jumbled sentences)

Ex: must, to, the, go, doctor, you.

You must go to the doctor.

- stay, bed, in, the, few, must, next, you, for, days.
- Help, can, him, I
- The, must, film, see, you
- The, must, not, window, close, you.
- On, come, time, school, must, to, children
- Me, shirt, you, please, that, show, could
- On, I, this, can, dress, try

Оқушының жеке тәжірибесіне негізделген оқыту технологиясы тиімді де нәтижелі болуы үшін:

-жеке тұлға ерекшелігіне;

-психикалық даму ерекшелігіне (есте сақтау, қабілеттің ерекшеігіне, өзінің эмоциясын басқара білуіне);

-пән бойынша білімді игеру деңгейіне оқушының білімі мен іс-әрекеті тәсіліне назар аударып, көңіл бөлуі керек [3, б. 9].

Деңгейлеп оқытуға қойылатын шектеулер:

-Мектептің деңгейі оқытуды ұйымдастырудағы мүмкіндігі (оқу кабинеттерінің, оқушылар топтарында бір пән бойынша параллель жұмыс жүргізетін мұғалімнің жеткілікті болуы);

-Әрбір топтар үшін талдаудың нақты болуы;

-Мұғалімнің бір деңгейдегі оқушылармен жұмыс жүргізуі барысында топтық даму динамикасын меңгеру.

Деңгейлеп оқыту барысында оқытушы мен оқушылардың мақсаты айқын нақтыланып, оқытудың әр кезеңіне, міндеттеріне баса көңіл аударған кезде ғана жетістіктерге жете алады.

Жаңа түсінікті қабылдау, есте сақтауы, өтілген тақырыпты еске түсіріп, оқушының өзінше талдауы, саралауы, қажетті түйінді бөліп ала білуі, жаңа ұғымды жеткізе алуы, жаңа тақырыптың қажеттілігін түсінуі-оқушылардың мәтінді дұрыс меңгерген болып табылады. Мәтінді меңгеру – оқушылардың іс-әрекетімен тығыз байланысты болса, меңгерту – оқытушының сабақты дұрыс ұйымдастырып, жоспарлап, басқара білуі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. //Егемен Қазақстан. –2011. – 6 ақпан. –Б.5 – 7.

2. Қараев Ж.А. Педагогикалық жүйені технологиялық тұрғыдан жаңартудың өзекті мәселелері // Оқыту - тәрбиелеу технологиясы. - 2008. - № 1. - С. 7-8.

3. Мұғалімге арналған нұсқаулық, «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012.